



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- **6B03111 – Практикалық психологтарды даярлау**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Қызмет салаларына қажетті кәсіби-тұлғалық құзыреттілікке ие практикалық психологтарды дайындау:

- білім беруде, денсаулық сақтауда, спортта;
- Құқықтық қорғауда, ұлттық қауіпсіздікте, төтенше жағдайларда, әскерде;
- өндірісте, бизнесте.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

Психологиялық диагностика, ересектер мен балалардың психологиялық және әлеуметтік жағдайын бағалау рәсімдерін жүзеге асыру; Психологиялық ағарту және кеңес беру;

Әлеуметтік-психологиялық проблемалар мен бұзушылықтардың алдын алу;

Клиенттермен жеке және топтық жұмыс бағдарламаларын, өмірлік қиын жағдайға тап болған жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың мүшелеріне психологиялық көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕСІ (ОН)

ОН1—негізгі психологиялық ұғымдарды меңгереді, онтогенездегі психиканың құрылымы мен функцияларын, заңдылықтарын, жағдайын, факторлары мен даму механизмдерін талдайды;

ОН2—адам белсенділігінің жүйелік негізін құрайтын психикалық құбылыстарды зерделеудің негізгі теориялық және әдіснамалық тәсілдерін талдайды және қорытады, психикалық құбылыстарды талдау әдістемесі мен әдістерін (танымдық процестер мен реттеушілік механизмдер, жай-күй мен уайымдар, жеке қасиеттері мен жеке ерекшеліктері) меңгереді;

ОН3—кәсіби психодиагностикалық және психометриялық құралдарды пайдалана отырып және кәсіби этика қағидаларын сақтай отырып, адамның психикалық үдерістерінің, қасиеттерінің, жағдайларының ерекшеліктері мен динамикасының диагностикасын жүзеге асырады;

ОН4—кәсіптік стандартқа сәйкес өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға (клиенттерге) психологиялық қолдау көрсету және психологиялық көмек көрсетудің жеке және топтық бағдарламаларын әзірлейді және практикада іске асырады;

ОН5—психологиялық зерттеуді жоспарлайды және ұйымдастырады, психика мен тұлғаны зерттеу әдістерін барабар қолданады, зерттеу нәтижелерін талдайды, қорытады және ұсынады;

ОН6—білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, өндіріс, армия, құқық қорғау органдары, Ұлттық қауіпсіздік, төтенше жағдайлар органдары, құқықтық профилактика және пенитенциарлық қызмет, қоғамдық пікір мен саяси технологияларды зерттеу орталықтары, әлеуметтік қызметтер, жұмыспен қамту орталықтары және т. б. ұйымдарда консультативтік, профилактикалық және қолданбалы психологиялық қызметті жүзеге асырады.

ОН7—кәсіби стандартқа сәйкес төтенше жағдайларда адамдарға психологиялық көмек көрсетумен, сондай-ақ өндірісте және бизнес-процестерде адам ресурстарын басқарумен байланысты әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу кезінде жүйеленген теориялық білімді қолданады;

ОН8—дауларды баламалы шешудің стратегиялары мен тәсілдерін, жанжалдарды реттеу технологияларын білу, тиімді мәдениетаралық коммуникация дағдыларын меңгеру негізінде ұйымдардағы жанжалды жағдайларды анықтайды, алдын алады және шешеді;

ОН9—өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды қолдау мәселелері бойынша пәнаралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылға кәсіби стандартқа сәйкес қатысады;

ОН10—алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ете отырып, ақпаратты алу, сақтау, қайта өңдеу, клиенттердің деректер базасын жүргізу әдістерін қолданады;

ОН11—мамандықтың жоғары тарихи-әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, қазақстандық қоғамның этномәдени және конфессиялық айырмашылықтары мен әлеуметтік-экономикалық және мәдени-құқықтық даму ерекшеліктерін ескере отырып, полимәдени ортада кәсіби қызметті ұйымдастырады;

ОН12—өзгермелі еңбек нарығына бейімделуге қажетті кәсіби және тілдік құзыреттерді дамыту, сауықтыру өмір салтын жүргізу және одан әрі өзін-өзі оқыту тәсілдерін қолданады.